



БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы
«Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ

Ханин О.А.

2023 жылдың "25" мамыры

2023 жылдың 25 мамырында өткен

"Коммекс-Өмір" ӨСК" АҚ акционерлерінің Жылдық жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы

"Коммекс-Өмір" ӨСК" АҚ директорлар Кеңесі 2023 жылдың 25 мамырында өткен акционерлердің Жылдық жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы туралы ақпараттандырады.

Күн тәртібі сұрақтары бойынша қарсы дауыс бергендер немесе жауап беруден бас тартқандар жоқ. Күн тәртібі сұрақтары бойынша дауыс беру қорытындысы бойынша келесі шешімдер бір ауыздан қабылданды:

Күн тәртібінің 1-ші сұрағы бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының %
"КЕЛІСЕМІН"	111 707	91,27
"		

Қабылданған шешім: «Коммекс-Өмір ӨСК» АҚ 2022 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін. 2022 жылға арналған аудиторлық есептілік назарға алынсын.

Күн тәртібінің 2-ші сұрағы бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының %
"КЕЛІСЕМІН"	111 707	91,27

Қабылданған шешім: «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2022 жылдағы қаржылық нәтижесін назарға алынсын. 2022 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд есептелмесін және төленбесін.

Күн тәртібінің 3-ші сұрағы бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының %
"КЕЛІСЕМІН"	111 707	91,27

Қабылданған шешім: Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2022 жыл бойынша төленген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат ескерілсін.

Күн тәртібінің 4-ші сұрағы бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының %
"КЕЛІСЕМІН"	111 707	91,27

Қабылданған шешім: «Grant Thornton» ЖШС аудиторлық ұйымын 2023 жылға арналған қызмет нәтижелері бойынша «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде анықталсын.

Күн тәртібінің 5-ші сұрағы бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының %
"КЕЛІСЕМІН"	111 707	91,27

Қабылданған шешім: Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің жүгінуінің болмауы туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің 6-шы сұрағы бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының %
"КЕЛІСЕМІН"	111 707	91,27

Қабылданған шешім: : 1. Қоғам Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерімен және Қоғамның үлестес тұлғаларымен сақтандыру шарттарын міндетті сақтандыру шарттары бойынша заңнамада белгіленген талаптармен, ерікті сақтандыру шарттары бойынша Қоғамның Сақтандыру қағидаларында айқындалған

талаптармен, басқа сақтандырушылар ұсынатын талаптардан, құқықтар мен міндеттерінен айырмашылығы жоқ құқықтарымен және міндеттерімен жасассын.

2. Аталған мәмілелердің жасалуы туралы ақпаратты www.dfo.kz интернет-сайтында және Қоғамның өзінің сайтында орналастырған кезде тек қана шарттың күні мен нөмірін, сондай-ақ сақтандыру нысаны туралы ақпарат жариялансын.

3. 1, 2-тармақтарда көрсетілген шешімдер Акционерлердің Жалпы жиналысының «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшелерімен және үлестес тұлғалармен 2023 – 2024 жылдарға мәмілелер жасасу туралы шешімдері деп есептелсін.

Күн тәртібінің 7-ші сұрағы бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының %
"КЕЛІСЕМІН"	111 707	91,27

Қабылданған шешім: 1. «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Қазақстан Республикасының «Сақтандыру туралы» заңының 15-1-бабының 1-тармағының талаптарын ескере отырып, «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-мен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен сақтандыру мәмілелерін «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен және үшінші тұлғалармен ұқсас мәмілелерге қолданылатын мәмілелердің үлгілік шарттарына қатаң сәйкестікте жасасын.

2. «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Қоғамның үлестес тұлғаларымен бұрын жасалған, жасалуына мүдделілік бар мәмілелердің мерзімін ұзарту қажет болған жағдайда тура сондай шарттармен жаңа мерзімге шарттарға немесе қосымша келісімдерге қол қою арқылы мәмілелер жасасын.

3. Қоғамның үлестес тұлғаларымен заңнамада және шарттарда айқындалған талаптармен және қызмет көрсететін (жұмыс, тауарларды жеткізетін) тарап белгілеген тарифтер бойынша Қоғамның сақтандыру қызметін қолдау, шаруашылық және инвестициялық қызметті жүзеге асыруы үшін қажетті шарттар жасалсын.

4. Қоғам биржалық сауда-саттыққа қатысып, соның нәтижесі бойынша мәмілелер жасалуына мүдделілік бар мәмілелер деп танылуы мүмкін болған жағдайда мәмілелер биржалық сауда-саттықта айқындалған шарттармен жасалсын.

5. Егер жасалуына мүдделілік бар, Қоғам жасасқан мәміледе (шартта) банктік құпияны, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болса, жасалуына мүдделілік бар мәмілені Қоғамның жасасқаны туралы ақпаратты www.dfo.kz интернет-сайтында және Қоғамның өзінің сайтында орналастырған кезде тек қана шарттың атауы, күні және нөмірі (бар болса) ғана жариялансын.

6. 1-5-тармақтарда көрсетілген шешімдер 2023 - 2024 жылдарға жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның жасасуы туралы Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері болып есептелсін.

Күн тәртібінің 8-ші сұрағы бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының %
"КЕЛІСЕМІН"	111 707	91,27

Қабылданған шешім: 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерінің ұсынылған талдауы ескерілсін.